

ӨОЖ 373.1.02:372.8; МҒТАР 14.25.09
<https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.310>

А.Ж. ТҰРЫСБАЕВА 

*PhD докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: ayagoz.1979@mail.ru*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕТАПӘНДІК НӘТИЖЕЛЕРІН ДАМЫТУДА ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ДИАГНОСТИКАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуды қалыптастырушы бағалауды қолданудағы теориялық және эмпирикалық зерттеулер жүргізіледі. Метапәндік оқытудың, «метапән» ұғымының мазмұны мен алғашқы компоненті болып тұрған «мета» сөзінің мәні сипатталады. Метапәндік нәтижелерді дамытудағы әмбебап оқу әрекеттерінің сипаты беріледі. «Бағалау» ұғымын транспәндік ұғым ретінде бағалау философиясының білім беру мен оқыту, өлшемділік, сәйкестік, бағдар ұстау сынды аргументтері талданады.

Эмпирикалық бөлімде бастауыш мектептің 3-сынып оқушыларына арналған метапәндер нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдануды диагностикалау жұмыстары үш кезеңді қамтыды. Диагностикалауда сауалнама да, кесінді тапсырмалар да М.А. Пинскаяның әдістемесі бойынша жүргізілді. Эксперименттік және бақылау топтарының респонденттері үшін диагностикалаудың бірінші кезеңінде 3-сыныптың «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» пәндерінен «Өзіндік диагностикалау» сауалнамасы оқушыларға жүргізіліп, нәтижелері талданады, ал диагностикалаудың екінші кезеңінде «Бірінші кесінді тапсырма», диагностикалық жұмыстардың үшінші кезеңінде «Екінші кесінді тапсырма» жұмыстары ұйымдастырылып, оның статистикалық талдаулары баяндалады. Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуды қалыптастырушы бағалауды қолданудың диагностикалық жұмыстарынан кейін ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: метапән, метапәндік нәтиже, әмбебап оқу әрекеттері, диагностикалау, қалыптастырушы бағалау.

A. Turysbayeva

*PhD Doctoral Student, Abai Kazakh National Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: ayagoz.1979@mail.ru*

Diagnostics of The Use of Formative Assessment in The Development of Meta-Subject Results of Primary School Children

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Тұрысбаева А.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолданудың диагностикасы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 542–556. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.310>

***Cite us correctly:**

Turysbaeva A.Zh. Bastauysh synyp oqushylarynyn metapandik natizhelerin damytuda qalyptastyrushy bagalaudy qoldanudyn diagnostikasy [Diagnostics of The Use of Formative Assessment in The Development of Meta-Subject Results of Primary School Children] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – B. 542–556. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.310>

Мақаланың редакцияға түскен күні 06.01.2025 / жарияланған күні 30.12.2025

Abstract. This article presents theoretical and empirical studies of the use of formative assessment for the development of meta-subject learning outcomes of primary school children. The essence of meta-subject learning is described, including the word “meta”, which is the content and the first component of the concept of “meta-subject”. The nature of universal educational actions in the development of meta-subject results is explained. The arguments of the philosophy of assessment such as education and training, dimension, conformity, and orientation to the concept of “assessment” are analyzed.

In the empirical section, the work on the diagnosis of the use of formative assessment in the development of the results of meta-subjects for students of the 3rd grade included three stages. In diagnostics, both questionnaires and split tasks were carried out according to the method of M.A. Pinskaya. For respondents of the experimental and control groups, at the first stage of the diagnosis, students completed a questionnaire “Self-diagnosis” in the subjects “Kazakh language”, “Adebiettik oku” of the 3rd grade; the results are analyzed. At the second stage of diagnosis, the work “Task of the first segment” is organized, and at the third stage of diagnostic work, “Task of the second segment” includes its statistical tests. After diagnostic work on the use of a formative assessment of the development of meta-subject results of younger schoolchildren, scientific and methodological recommendations were given.

Keywords: meta-subject, meta-subject result, universal learning activities, diagnostics, formative assessment.

А.Ж. Тұрысбаева

*PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: ayagoz.1979@mail.ru*

Диагностика использования формирующего оценивания в развитии метапредметных результатов младших школьников

Аннотация. В данной статье проводятся теоретические и эмпирические исследования применения формирующей оценки развития метапредметных результатов младших школьников. Описывается сущность метапредметного обучения, слова «мета», которое является содержанием и первым компонентом понятия «метапредмет». Дается характер универсальных учебных действий в развитии метапредметных результатов. анализируются такие аргументы философии оценки, как образование и обучение, размерность, соответствие, ориентация на понятие «оценка».

В эмпирическом разделе работа по диагностике применения формирующего оценивания в развитии результатов метапредметов для учащихся 3 класса начальной школы включала три этапа. В диагностике и анкетирование, и разрезные задания проводятся по методике М.А. Пинской. На первом этапе диагностики проводится анкетирование «Самодиагностика» для респондентов экспериментальной и контрольной групп по предметам 3 класса «Казахский язык», «Әдебиеттік оқу», анализируются результаты, а на втором этапе диагностики организуются работы по «Заданию первого отрезка», на третьем этапе по «Заданию второго отрезка», излагаются его статистические анализы. После диагностических работ по использованию формативной оценки развития метапредметных результатов младших школьников были даны научно-методические рекомендации.

Ключевые слова: метапредмет, метапредметный результат, универсальные учебные действия, диагностика, формирующая оценка.

Кіріспе

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамыту – педагогикалық үдеріс, яғни біртұтас педагогикалық үдерістің бір бөлшегі. Метапәндік оқу мақсаттарынан метапәндік нәтижелерге қарай жүру – мұғалім мен оқушылардың арасындағы субъект-субъектілік дидактикалық үдеріс, даму үдерісі, тәрбиелік үдеріс, оқушылардың оқу-таным әрекетіндегі қарапайым тыңдаушыдан белсенді білім ізденушіге айналу үдерісі. Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамыту өзінің бағыттылығымен ерекше.

Осы орайда «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» атты әдістемелік нұсқау хатта: «Бастауыш сыныптағы білім алушылардың метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруда зерттеу әдісі тиімді болып табылады. Проблемалық, іздеу, зерттеу әдістерінің элементтерін қолдану оқу процесін нәтижелі етеді. Білім алушылардың зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту белгілі бір мақсаттарға қол жеткізеді. Білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру, жоғары нәтижеге жетуге ынталандырады» деп атап көрсеткен. Мектептегі тілдік және математикалық, т.б. білім берудің мазмұны пәнаралық байланыста білім алушылардың зияткерлік дамуына, олардың ойлау мәдениеті мен дербестігін қалыптастыруға, білімнің терең болуына, алған білімдерін практикада қолдану мүмкіндігіне бағытталғандығын негізге алуға болады [1].

Метапәндік нәтижелердің қалыптасуын бағалауда қалыптастырушы бағалау жүйесін қолданудың тиімділігі соңғы жылдары педагогикалық зерттеулерде және педагогикалық іс-тәжірибеде қарқынды қарастырылып келеді. Қалыптастырушы бағалау шын мәнінде, оқытуды жеке тұлғаға қарай бағыттауға, оқушының тұлғалық болмысының қалыптасуына, оның өз бетімен білім іздеуге құлшынысын оятып, қажетті дағдыларды қалыптастыруға және өзінің оқу-танымдық әрекетінің мазмұны мен нәтижесін бағалауда өзінің де қатыса алуына жол ашып, мүмкіндік жасайтын бағалау жүйесі. Қалыптастырушы бағалауды қолдануда мұғалімнің оқытуы мен оқушының оқып-білім алу процесі екіжақты біртұтас нәтижеге жетуге бағытталған және бағалауда да біржақты болмай, екіжақты бағаланатын процесс ретінде танылады [2].

Оқушылардың метапәндік нәтижелерін қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық аспектілері ресейлік бірқатар ғалымдардың А.Г. Асмолов, Ю.В. Громыко, О.Е. Дроздова, К.Ю. Колесина, А.В. Хуторский және отандық педагогикадағы метапәндік тәсілдің тұжырымдамалық негізін қалаған Ж.А. Жұмабаева, Қ.Б. Жанадилова және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қамтылған. Жалпы білім берудің шетелдік дидактикасында метапәндік тәсіл M. Borrego, G. Dalai, C. Golding, және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылады. Оқушылардың жоспарланған білім беру жетістіктерін қалыптастыру әдістері жайлы Е.В. Сизова, Т.Н. Степанова, В.П. Бедерханова, С.С. Харитоновна және басқалардың зерттеулерінде сипатталған. Зерттеушілер Н.И. Аксенова, А.Г. Бюллер, Е.В. Кузнецова, О.В. Пришлецова метапәндік дағдыларды дамытудың тиімді құралдарына жобалық және зерттеу қызметі, ситуациялық және проблемалық мәселелерді шешу, интеграцияланған сабақтарды ұйымдастыру, геймификацияны, оқытудың интерактивті және ойын технологияларын қолдану және т.б. жатқызады. Сондай-ақ А.Н. Яшкова, О.А. Иванова, О.А. Кожокар және т.б. ғалымдар оқытудың метапәндік нәтижелері ретінде танымдық, реттеуші және коммуникативті әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру мәселелерін метапәндік нәтижелерге қол жеткізудің шарты деп сипаттайды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл ғылыми еңбекте бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолданудың теориялық аспектілері мен эмпирикалық зерттеулерінің кейбір тұстарын ұсынатын боламыз.

Метапәндік тұрғыдан оқытуда оқушының әрбір жекелеген пәннің мазмұнын меңгеру үшін емес, біртұтас дүниенің әртүрлі қырын тануы басты мақсат болып саналады. Біртұтас дүниенің сан түрлі қырын тану жолы оқушы үшін бастауыш сыныпта сөздердің тіркесіп, сөйлем құруын үйренуі арқылы, жекелеген сөздерден сөйлеу, сөйлеуден тұтас мәтін құру жолдарын тану арқылы, сандар арқылы, көркем бейнелер арқылы, әсем әуен арқылы, түрлі заттардың қосындысынан жаңа заттар пайда болуын тану арқылы ашылады.

Метапәндік оқытуда «метапән» ұғымының мазмұны да осы біріккен сөздің алғашқы компоненті болып тұрған «мета» деген сөздің мағынасына тікелей байланысты. Яғни метапән жекелеген пәндердің жоғарысында тұратын пән дегенді білдіреді. Бұл ретте біріншіден, метапән жеке пәннен сыртқары тұруды білдірсе, екіншіден, метапән сол пәннен мүлде бөлініп кетпейтінін білдіреді. Метапәндік әрекет жеке пәннен бөлінбейтін, пәнді оқып-меңгеру әрекетінің түпнегізінде орналасқандығы жайындағы теориялық талдаулар және оған сәйкес жүргізілетін диагностикалау жұмыстары ұйымдастырылады.

Талдау мен нәтижелер

Метапәндік нәтижелер оқушылардың бір немесе бірнеше пәннің негізінде меңгерілген әрекет тәсілдері және ол әрекет тәсілдері оқу барысында да, өмірлік жағдаяттарда баланың сенімді әдістеріне айналып, қолданыста болады. Метапәндік нәтижелер оқушылардың әмбебап оқу әрекеттерінің, атап айтқанда, танымдық, реттеушілік, коммуникативтік оқу әрекеттерінің жүйесі ретінде оқу қабілеттерінің діңгегін құрайтын маңызды құзыреттерді қалыптастырады.

Біз бұл мақалада «метапән», «метапәндік нәтиже», «қалыптастырушы бағалау» ұғымдарына берілетін сипаттамаларды келесі талдауларда қарастыратын боламыз.

А.В. Хуторскойдың метапәндік нәтижені қалыптастырған ғылыми мектебі [3] келесі үш бағытта қызмет ететіні айтылады:

- бірінші бағыты – білім мазмұнында іргелі білім беру нысандарын айқындау;
- екінші бағыты – іргелі білім беру нысандары негізінде метапәндерді ұйымдастыру.

Бұл ретте пән мазмұнындағы метапәндік тақырыптар немесе метапәндік жеке тараулар метапән курсына енгізіледі;

- үшінші бағыты – метапәндік әрекетті қамтамасыз ету; метапәндік оқыту білім мазмұнына емес, қалай білім алу жолына байланысты танылады. Метапән жеке бір пәнге таңылмай, жалпы оқу әрекеті ретінде әрбір пәнге байланысты қолдануға келеді, өйткені метапән пәндік оқу әрекетімен байланысты.

Метапәндік оқытудың көздейтін метапәндік нәтижелеріне қол жеткізу дегеніміз бір пәнді немесе бірнеше пәнді оқытуда меңгерілген әрекетті орындау тәсілдерін меңгеруі болып табылады.

Н.В. Громыко, М.В. Половкованың еңбектерінде метапәнділік білім беру жүйесінің ядросы ретінде қарастырылады, яғни метапәндер дегеніміз – дәстүрлі пәндер циклынан айрықша пәндер екендігін айтады. Осындай жаңа оқу формасын және соған сай мектептің жаңа моделін жасақтай отырып, авторлар В.В. Давыдовтың «мектеп, ең алдымен, балаларды ойлауға үйретуге міндетті, бұл бағытта балалардың ешбіреуі де әлеуметтік жағдайына байланысты, тектік ерекшеліктеріне байланысты сыртқары қалмауы тиіс» деген дүниетанымдық идеясын басшылыққа алып, «метапән» ұғымын бірнеше қырларынан қарап анықтағаны белгілі. «Метапән» ұғымы өзінің бойында пәндік идеясын да, метапәндік идеясын да ұстап тұрған ұғым болып табылады. Сонымен бірге, «метапән» ұғымының мазмұнында рефлексивтік идеясы да орын алады. «Метапән» ұғымы - жаңа типтегі оқу пәні, оның негізінде оқу материалдары интеграциясының ой-әрекет типі және ойлаудың «білім», «таңба», «проблема», «міндет» деген базистік ұйымдасуларына қатысты рефлексивтік

қатынас принципі жатыр. Осылайша анықтама берген соң, авторлар «метапән» ұғымын өздерінің тұрғысынан қалай түсініктеме бергені туралы тоқталады. Олардың ұсынуынша, метапән формасында оқу материалы келесідей желімен ұйымдастырылуы керек:


- «Білім» метапәні;
- «Таңба» метапәні;
- «Проблема» метапәні;
- «Міндет» метапәні.

Авторлар әрбір метапәннің мазмұны мен міндеттеріне талдау жасай отырып, оқушылардың философиялық-әдіснамалық тұрғыдан философиялық пайымдаулар жасау типі көрсетілген әр метапәннің міндеттері қойылуымен, оның шешімін іздеумен, рефлексиялаумен байланысты болатынын атап көрсетеді. Сонымен қатар, Н.В. Громыко, М.В. Половкованың атап көрсетуінше, дәстүрлі пәндерді оқытуда метапәндік технологияларды қолдану оқушыларға өз білімдерінің қалыптасуын демонстрациялауға мүмкіндік береді [4].

Қазақстандық бастауыш сыныпта оқыту әдістемесінде «метапәндік» ұғымы әлі де толыққанды зерттеліп, жан-жақты терең қарастырылмағаны белгілі. Бұл ретте Ж.Жұмабаеваның айтуынша, метапән дегенді теориялық ойлау және әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру тәсілі, дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру құралы ретінде танимыз. Метапәндік тұрғыда оқыту дегеніміз оқушының пәндер аясында әмбебап оқу әрекеттері арқылы қалыптасқан метапәндік нәтижелерді өз тәжірибесінде бекіту үдерісі. Ал нақты бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытуға қатысты айтатын болсақ, автордың пікірінше, метапәндік нәтижелері қалыптасқан оқушы дегеніміз оқыту үдерісінде білімді қабылдауда оны мазмұндық, реттеушілік, когнитивтілік құрамдас бөліктерге сәйкес теориялық ойлау деңгейінде қабылдай алатын, білімдік ақпаратты санасында өңдеу дағдылары біркелкі қалыптасқан, сонымен қатар сыни және шығармашыл ойлау дағдылары қалыптасқан, алған білімдік ақпаратын реттейтін дағдыларды меңгерген субъекті болып табылады [5].

Бастауыш сыныптарда оқу барысындағы оқушылардың эмоциялық, зияткерлік және ерік аяларының интеграциялануының ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың еңбектерінде бірқатар қызықты мәліметтер берілген. Атап айтқанда, тұлғалық аялардың динамикасын неғұрлым айқын көрсететін параметрлер – оқу мотивтері, оқу пәндеріне деген қызығушылық, құндылық бағдарлар, эмоциялық жай-күй, ерік-жігер қасиеттері, белгілі бір зияткерлік жұмыстағы ерік-жігердің көрінісі деп анықталған [6].

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін қарастыруда негізгі тірек ретінде білім беру философиясының қағидалары, білім сапасы саласындағы зерттеулер, қалыптастырушы бағалаудың және оны қолданудың ерекшеліктері туралы зерттеулер мәселенің өзегін тануға мүмкіндік береді. Баға немесе бағалау ұғымын философ ғалымдар адамның тіршілік әрекетіндегі қоршаған орта заттарының немесе құбылыстарының мағыналық болмысының субъективті білдірілуі деп анықтайды [7]. Баға, философтардың айтуынша, ақыл-ой актісі, қабілеті. Ал акті өтуі нәтижесінде субъектінің объектіге бағытталған бағалауы іске асырылады, сол бағаланып отырған объектінің бағалаушы субъектінің өмірлік әрекеті үшін қаншалық мағыналы екендігі анықталады. Сонымен бірге, баға ұғымының құрылымы субъект, объект, негіздемесі (критерийлер), сипаттамасы секілді құрамдардан тұрады. Графикалық сұлбасын 1-суретте ұсынып отырмыз.



1-сурет – «Баға» ұғымының құрамдас бөліктері

Мұндағы бағаның субъектісі – адам немесе әлеуметтік топ, ол белгілі бір айтылым арқылы өзінің бағалауын жасау арқылы белгілі бір заттың құндылығын анықтайды, ал бағаның объектісі – бағалауға немесе мәнін түсінуге бағытталған зат немесе құбылыс [8].

Философия тұрғысынан қарастыратын болсақ, бағалау объектісі мен таным объектісін айыра тану керек. Таным объектісін біз белгілі бір зат, құбылыс, процестің сәулеленуі, көрініс беруі арқылы танимыз. Ал бағалау объектісін біз салыстырылып отырған объекті мен біздің субъективті көзқарасымызды және санадағы белгілі бір қабылданған өлшемдер, яғни өлшем, нормалар, стандарттар, эквиваленттер арқылы салыстыра танимыз. Солай салыстыру арқылы белгілі бір пайымдаулар жасалынады. Шартты түрде айтатын болсақ, бағалау объектісі таным объектісіне қарағанда анағұрлым тар. Болмысымыздағы бар нәрселердің бағасы тек қана олардың адамзат қоғамына пайдалануға түскенде ғана құнды заттық ұғымға айналатыны белгілі. Ал егер өмірде бар болғанымен, адамзаттың пайдалану жүйесіне енбесе, олардың құндылығы да болмайды [9].

Б.Т. Ортаев және т.б. ғалымдардың еңбектерінде: «...оқушының оқу мүмкіндігін: жалпы дайындық деңгейі (эрудиция), белгілі оқу материалын меңгеруге, білім, іскерлік, дағдыларды игеру қабілеттілігі, оқу-танымдық ісәрекетке жалпы қабілеттілігі, зейіннің жалпы сипаттамасы, нақты оқу пәнін зерделеу кезіндегі оқушылардың ойлау ерекшеліктері, ойлаудың жалпы сипаттамасы, оқу материалын саналы және берік меңгерудегі психологиялық ұстанымы (ішкі және сыртқы), оқыту мотивациясы, білімді, іскерлікті меңгеру ырғағы, оқушылар денсаулығы, оқушылардың жасы, олардың құндылық бағдарлары, өмірлік жоспарлары, тәртіптілігі мен жауапкершілігі, болашақ кәсіптік бағдары, өмірлік стилі (тәсілі) және т.б. себептері» деп талданады [10]. Автордың пайымдауына сәйкес, оқушылардың оқу мүмкіндігінде бағалаудың маңызының жоғары екендігі, бағалаудың сыртқы негіздемелері субъектінің когнитивтік қасиеттерін көрсетеді және адамды қоршаған ортаның рухани және әлеуметтік ерекшеліктері туралы біліміне сүйенеді деп тұжырымдалады.


Ал бағалаудың сипаттамасы бағалау объектісінің құндылығын оң не теріс немесе нольдік деп танумен байланысты болады. Бағалаудың сипаттамасы салыстырудан және құндылық деп танылатындарды іріктеу ұсыныстарынан құралады. Бағалауға мәдени-тарихи тұрғыдан келетініміз белгілі, өйткені жаңаның өзі тарихи тұрғыдан ғана бағаланады. Яғни «осы жаңаның тарихи жолдағы бұрынғылардан қай тұсы жаңа?» деген тұрғыдан бағаланады

[11]. 1-кестеде метапәндік нәтижелер дегеніміз оқушылар игерген әмбебап оқу әрекеттері (ӨОӨ) екенін тағы бір атап кету керек.

1-кесте – Метапәндік нәтижелерді жоспарлаудағы әмбебап оқу әрекеттерінің сипаты

Мета пән	Метапәндік нәтижелерді жоспарлау		
	Танымдық	Реттеушілік	Коммуникативтік
білім	-білімдік ақпаратты меңгеруі, қолжетімді, анық білім ақпаратын іздеп таба білуі	-оқу мақсатын қоя білу; -жоспарлау	-мұғаліммен ынтымақтаса отырып оқуды жоспарлау; -тыңдай білу дағдылары; -диалогқа қосылу дағдылары
белгі	-модельдеу; -білімді игерудің таңбалық және визуалдық түрі	-оқу материалын меңгеру сапасын түсіну, нені әлі игеру керегін анық білу	-сыныптастармен бірге өзара оқу әрекетін жоспарлау, орындау
проблема	- танылып отырған оқу нысандарын салыстыра білуі; біртекті заттар мен құбылыстар туралы ортақ заңдылықтар барын түсінуі	-болжам жасау; -жоспарға, оқу әрекетіне толықтыру мен түзетулер енгізу	-оқу мәселесін анықтау; -ұжымдық талқылауға қатысу
тапсырма	-нақты білімдік деректерді пайдалана білуі	-оқу әрекеті мен оның нәтижесін бақылау	-оқу тақырыбы бойынша ынтымақтаса отырып ақпарат іздеу жинау

Білім сапасын бағалау ұғымының мазмұндық құрамында бірнеше ғылымның тоғысуын, атап айтқанда, дидактиканың, педагогикалық психологияның, педагогикалық квалиметрияның да, статистиканың да қатысуын көруге болады. Оның графикалық бейнесі 2-суретте ұсынылады. Майкл Скривен өзінің «The Concept of a Transdiscipline: And of Evaluation as a Transdiscipline» деген еңбегінде «бағалау» ұғымын транспәндік ұғым ретінде анықтайды [12].



2-сурет – Білім сапасын бағалаудың мазмұнын құраушы ғылым салалары

АҚШ-тағы Урбан-Шампейндегі Иллиной университетіндегі және Индиана университетіндегі Оқыту нәтижелерін бағалаудың Ұлттық институты (NILOA) жариялаған


«Activity: What is Your Philosophy of Assessment?» атты зерттеуде авторлар бағалауға деген көзқарастардың түрлілігі туралы айта келе, бағалау философиясында ашықтық болмайынша, оқыту процесіндегі бағалау мәселесіне қатысты адамдардың пікірлері түйіспейтінін атап көрсетеді. Бағалау философиясының аргументтерін 3-суретте беріп отырмыз. Бұл жерде бағалау философиясын авторлар келесідей қарастырады:

- біріншіден, білім беру мен оқыту тұрғысынан қарастыру, бұл жерде бағалау педагогика мен оқытудың құрамдас бөлшегі ретінде қарастырылады. Бағалаудың мақсаты бұл жерде білім беру мен оқытудың сапасын жоғарылату;

- екіншіден, өлшемділік тұрғысынан қарастыру, бұл жерде бағалау оқытуға бағдарламалық тұрғыдан немесе институционалдық тұрғыдан ықпал ету ретінде қарастырылады;

- үшіншіден, сәйкестік/есептік тұрғысынан қарастыру, бұл жерде бағалау тек қана әкімшіліктің, аккредитациялау органдарының, мемлекеттік мекемелердің сұранысы мен тапсырысын қанағаттандыру үшін қойылады;

- төртіншіден, оқушыларға бағдар ұстау тұрғысынан қарастыру, яғни бағалаудың көмегімен оқушылардың өзінің оқып, білім алуы туралы біле алатын, бағалау процесіне оқушының өзі де белсене қатыса алатын ретпен қарастырылады. Бағалау, осы ретте, рефлексивтік және жұмылып жұмыс жасайтын процесс ретінде қарастырылады [13].



3-сурет – Бағалау философиясының аргументтері

Қалыптастырушы бағалау бойынша Назарбаев Зияткерлік Мектебі ДББҰ әзірлеген әдістемелік құралда бес стратегия көрсетілген, олар:

- 1) бағалау критерийлері мен күтілетін нәтижені түсіндіру;
- 2) сыныпта тиімді өзара әрекеттестікті қалыптастыру;
- 3) оқушыларға кері байланыс беру;
- 4) өзара оқыту процесіне білім алушыларды қатыстыру;
- 5) білім алушыларды өз білімін «жасаушылар» ретінде қалыптастыру.

Авторлар көрсетілген стратегияларды П. Блэк және Д. Уильям бойынша ұсынғанын атап көрсетеді. Бұл әдістемелік құрал өзінің мол және жүйелі ақпараттылығымен бағаланып, «HundrED» халықаралық жобасының инновациялық идеялар тізіміне қосылғаны белгілі [14].

Белгілі болғанындай, білім беру процесінде соңғы жылдары білімді бақылау мен бағалаудың, тексерудің жаңа әдістері қолданылып келеді. Ол әдістер меңгерілген білім мен жекелеген дағдыларды ғана бақылаумен, тексерумен шектелмейді. Оларға қоса, оқушының тұлғалық дамуының факторы болып саналатын құзыреттіліктерін, ұйымдастырушылық-білім алу қабілеттерін бақылап тексеруді де қамтиды. Бұл ретте оқушы үшін метабілімнің қажеттілігі туындайды. Себебі, оқушы тек білім мен жекелеген дағдыларды ғана емес, маңызды болып табылатын құзыреттіліктер мен білім туралы білімді де меңгеруі тиіс болады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс Алматы қаласының Түрксіб ауданындағы №198 жалпы білім беретін мектебінде және Алматы қаласының Алатау ауданындағы №201 жалпы білім беретін мектебінің 3-сыныптары бойынша жүргізілді. Қатысқан оқушылар саны – 58.

Алғашқы жұмыс анықтаушы кезең бойынша белгіленген міндеттерді орындау болғандықтан, көрсетілген мектеп мұғалімдерімен әңгімелесулер өткізілді. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсаты мен міндеттері таныстырылды. Мұғалімдерді метапәндік нәтижелер және оны дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдану туралы қызықтырған сұрақтарына жауаптар берілді. Осыдан соң бастауыш мектептің 3 сынып оқушыларына арналған метапәндік нәтижелер дамытудағы қалыптастырушы бағалауды қолдануды диагностикалау мақсатында оқушылардан сауалнама алынды және қалыптастырушы бағалау техникалары бойынша әмбебап оқу әрекеттерін диагностикалау мақсатында ӨӨӨ оқушыларға кесінді тапсырмалар орындалатылды. Сауалнама да, кесінді тапсырмалар да М.А. Пинскаяның әдістемесі бойынша жүргізілді [14].

3-сыныпта өтілетін бірқатар сабақтарға қатысып, мұғалімдермен келісе отырып, «Қазақ тілі» (1,2), «Әдебиеттік оқу» (3,4) пәндері бойынша параққа сызылған «Өзіндік диагностикалау сауалнамасы» оқушыларға ұсынылды. Сауалнамаға жауап беру кестені толтыру арқылы жүргізілетіні түсіндірілді.

«Өзіндік диагностикалау» сауалнамасы бойынша алынған жауаптарды талдау барысы айтарлықтай нәтижені көрсетті. Бұл жерде тек «Иә» деп берілген жауаптар санын ғана көрсетіп отырмыз. Бірақ «Иә» деген тек соңғы баған бойынша ғана теріс мағынаны білдіретінін атап кетуіміз керек. 2-кестеде «Өзіндік диагностикалау» сауалнамасы бойынша «Иә» жауабының нәтижелері берілді.

2-кесте – «Өзіндік диагностикалау» сауалнамасындағы «Иә» жауабының нәтижелері

Сауалнама	Барлық оқушылар саны - 58			
	Өте сенімдімін	Сенімдімін	Аздап сенімдімін	Сенімді емеспін
Сен төмендегі берілген оқу жағдаяттарында өзінді қаншалықты сенімді сезінесің?	Иә	Иә	Иә	Иә
1. Мен мәтінді барлық түрлеріне қарай талдай аламын.	2	6	15	35
2. Мен қиын әріптердің емлесін дұрыс қолданамын.	4	8	14	32
3. Мен көркем шығармаға талдау жасай аламын.	4	9	14	31
4. Мен жақсылық пен жамандық туралы өз ойымды еркін білдіре аламын.	5	9	14	30
5. Мен үш таңбалы сандарды тез қосып, азайта аламын.	6	8	10	34
6. Мен өз бөлмем үшін неше шаршы метр кілем керек екенін есептей аламын.	4	6	10	38
7. Мен оқуда, сабақтан тыс жұмыс орындауда өз-өзімді және сыныпты өте дұрыс басқара аламын.	5	7	9	37
8. Спортпен айналысуға аса қажетті барлық жақсы мінез-қылық менде толық бар деп санаймын.	5	7	11	35

Оқушылар үшін «Өзіндік диагностикалау сауалнамасы» бастапқы уақытта бірден қуанышпен қабылдана қоймады. Өйткені оқушылар жауап беруде толық оқып шығып, шынайы жауап беру дұрыс болатыны баса айтылған болатын. Нәтижелер көрсеткеніндей, оқушылар «өте сенімдімін» деген жауапты өте аз берген. Ал көп оқушы, «сенімді емеспін» деп белгілеген. Бұл – оқушылардың білім деңгейінің төмен екенін көрсетпейді. Берілген нәтиже арқылы біз оқушылардың рефлексиялық қабілетінің төмен деңгейде екенін анықтадық. Ең бастысы, өз оқу әрекеті үшін жауапкершілік алудан қашуы мүмкін деген ой туындағанын да атап кеткіміз келеді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының диагностикалауда көрсетілгеніндей, бастауыш мектептің 3-сынып оқушыларына арналған метапәндер нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдануды диагностикалау жүргізілді. 3-кестеде диагностикалаудың мазмұны ұсынылады.

3-кесте – Оқушылардың метапәндер нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдануды диагностикалаудың мазмұны

Мазмұны		
Оқу-танымдық әрекеттері бойынша	Оқу-коммуникативтік әрекеттер бойынша	Оқу-реттеушілік әрекеттері бойынша
Оқушының логикалық әрекеттерін диагностикалау	Мұғаліммен, достарымен, ортасымен қарым-қатынас жасау дағдыларын диагностикалау	Оқушының өзінің оқу әрекетін ұйымдастыру және бақылау дағдыларын диагностикалау
Оқу ақпаратымен жұмыс бойынша оқу әрекеттерін диагностикалау	Мұғаліммен, достарымен ынтымақтасқан оқу әрекетін орындау дағдыларын диагностикалау	Оқушының өзінің және өзгелердің оқу әрекетін бағалау дағдыларын диагностикалау


Бұл міндетті шешу үшін жоғарыда кестеде көрсетілген оқушылардың метапәндер нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдануды «Оқу-танымдық әрекеттер бойынша», «Оқу-коммуникативтік әрекеттер бойынша», «Оқу-реттеушілік әрекеттері бойынша» диагностикалау үшін алты кесінді тапсырма орындалатылды.

Бірінші кесінді тапсырмада оқушылардың «Білім» метапәні бойынша Қазақ тілі мен Математика пәндеріндегі «жиын», жинақтау ұғымдарын білуі тексерілді.

Бірінші кесінді тапсырма. «Оқушының логикалық әрекеттерін диагностикалау» деп аталды. Тапсырма алгоритмдері:

1.1. Берілген сөздерді ретімен қойып, олардың барлығын бір атаумен беру керек: Тек ата. Түп ата. Баба. Аргы ата. Ата. Әке. Бала. (жауабы; Шежіре)

1.2. Берілген сөздерді өзара ұқсас байланыстарына қарай екі сопақша шеңберге бөліп жинақтап жазу керек: жеті ата, аспан, шежіре, метеорит, тек ата, Ай, түп ата, Күн, баба, Жетіқарақшы, әке, шоқжұлдыз, бала.



Бірінші кесінді тапсырма арқылы оқушылардың Қазақ тілі мен Математика пәндеріндегі білімдерін тірек етіп, жиын, бір шеңберге, бір тақырып аясына жинақтау ой операцияларын қолдану дағдылары тексерілді. Бірінші кесінді тапсырманың орындалу нәтижесі 4-кестеде және 4-суретте диаграммалауда көрсетілді.

4-кесте – Диагностикалауда эксперименттік және бақылау топтарындағы «Бірінші кесінді тапсырма» бойынша көрсеткіштері

Деңгейлері	Эксперименттік топ – 32 оқушы		Бақылау тобы – 26 оқушы	
	1.1 тапсырма	1.2 тапсырма	1.1 тапсырма	1.2 тапсырма
жоғары	7	6	6	5
орта	12	12	10	10
төмен	13	14	10	11

4-кесте және 4-суретте көріп отырғанымыздай, бірінші кесінді тапсырма бойынша нәтижелері жоғары, орта және төмен деңгейлерге байланысты эксперименттік (32 оқушы) және бақылау (26 оқушы) топтарында диагностикалаудың екінші кезеңіндегі «Бірінші кесінді тапсырма» арқылы анықталған нәтижелердің статистикалық талдауларын қорытындыласақ, 1.1 тапсырмада эксперименттік топтағы 32 оқушының ЖД-7, ОД-12, ТД-13 респондентті құрайды, ал 1.2 тапсырмада ЭТ-тағы респонденттер ЖД-6, ОД-12, ТД-14 оқушыны көрсетсе, бақылау тобындағы 26 респонденттердің 1.1 тапсырма бойынша ЖД-6, ОД-10, ТД-10 сандық көрсеткіште, 1.2 тапсырмада ЖД-5, ОД-10, ТД-11 адамды құрап отыр.



4-сурет – Диагностикалауда эксперименттік және бақылау топтарындағы «Бірінші кесінді тапсырма» бойынша көрсеткіштерінің диаграммасы

Жалпы алғанда, «Бірінші кесінді тапсырма» бойынша статистикалық талдаулар көрсеткеніндей, төменгі деңгейдегі оқушылар саны эксперименттік және бақылау топтарында басым деуге болады.

Келесі орындалған «Екінші кесінді тапсырма» ішінен «Оқу-коммуникативтік әрекеттер» бойынша орындатылған оқушының мұғаліммен, достарымен ынтымақтасқан оқу әрекетін орындау дағдыларын диагностикалау жұмыстары жүргізілді. Бұл кесінді тапсырма арқылы оқушылардың біріккен жұптық жұмысты орындау дағдылары тексеріледі және мұғаліммен, достарымен оқу-іскерлік ынтымақтастық құра білу дағдылары тексеріледі. Соның ішінде өзінің пікірін айта білуі, оны дәлелді баяндауы, достарының пікірлеріне құлақ қоя білуі, мұғалімнің айтқанына жай ғана ғана келіспей, түсініп, қолдай білуі тексеріледі.

«Екінші кесінді тапсырма» оқушының мұғаліммен, достарымен, ынтымақтасқан оқу әрекетін орындау дағдыларын диагностикалау деп аталды.

Тапсырма алгоритмдері:

2.1 Берілген тапсырманы орындауда мұғаліммен біріге отырып, оқу әрекеттерін жоспарла. *«Кейде көпшілікпен орындалған істің дұрыс болмай жататынын көреміз. Сонда жақсы жұмыс істеген адам мен нашар жұмыс жасаған адам танылмай қалады. Мүмкін, қандай жұмыс болса да, ешкімнен сөз естімеу үшін, ескерту алмау үшін, жеке өзің жасаған дұрыс болар? Бірақ оған қаншама уақыт пен күш кетеді. Не істеу керек?»*

5-кесте – «Екінші (2.1) кесінді тапсырмасының» кестесі

Менің ойымша...	Мұғалім пікіріңше...

2.2 Берілген тапсырманы орындауда қасындағы сыныптас досыңмен біріге отырып, оқу әрекеттерін жоспарла. *«Қағаздардан қиылған оюлардың бөлшектерін өзара дұрыс үйлестіріп, тұтас етіп құрап, әрбір бөліктегі сұраққа досыңмен бірігіп жауап жазыңдар».*



- Бұл ненің суретін білдіреді?
- "Бөлшек" пен "тұтас" деген ұғым туралы білетіндеріңді жазыңдар.
- "Қиюын келтіру", "үйлестіру" деген сөздердің мағынасы туралы білетіндеріңді айтыңдар

5-сурет – «Екінші (2.2) кесінді тапсырмасының» суреті

Алдыңғы тапсырма 3-сыныптағы «Дүниетану» және «Математика» пәндеріндегі «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» модуліндегі тақырыптар бойынша метапәндік нәтижелерін тексеруге арналып орындатылды. Соның ішіндегі жоғары мазмұнда орындалған ынтымақтастық орната алған мұғалім мен оқушының диалогын үлгі етіп келтіріп отырмыз.

6-кесте – «Екінші (2.1) кесінді тапсырмасының» жауаптар кестесі

Менің ойымша...	Мұғалім пікіріңше...
- Жұмыстың көлемі мен оған кететін уақытты біліп алу керек.	- Ең алдымен, уақыт пен күшіңді біліп алғаның дұрыс.
-Жалғыз өзім жасасам, нәтижесіне де өзім жауап беремін.	- Жалғыз қиын болуы мүмкін екенін ойлағаның дұрыс...
- Қиын болып бара жатса, достарымды шақырамын шығар.	- Алдын ала айтпасаң, достарыңның уақыты болмай қалып, жұмысың қиынға тсіп, орындалмай қалуы мүмкін бе?
- Мен онда ерте бастап, еш демалмай, жұмысты бітіремін.	- Жұмысыңды жоспарлап алғаның дұрыс деп ойлаймын.
- Иә, рахмет! Сіз дұрыс айттыңыз. Егер жалғыз жасайтын болсам, жақсылап жоспарлап алғаным дұрыс.	- Жұмыс орындайтының туралы достарыңа жай ғана хабарлап қойса да болады, көмекке бірден шақырмай-ақ. Олар сонда хабарар болып отырады.
- Иә, мен достарыма жұмысым туралы жай ғана хабарлап қоюым керек екен. Қиын болса, өздері көмекке келер мүмкін	- Жалғыз орындауға болатын жұмыс болса да, достарың жақсы тілекші болып отыратынын ұмытпаған дұрыс.

Ал «Ою» туралы тапсырма 3-сыныптағы «Әдебиеттік оқу» және «Математика» пәндеріндегі «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» модуліндегі тақырыптар бойынша метапәндік нәтижелерін тексеруге арналып орындалды. Оқушылардың бірқатар бөлігі тапсырманы игере алды. Мұнда басым көпшілігі берілген уақыт аясында тапсырманы орындай алмады.

7-кесте – Диагностикалауда эксперименттік және бақылау топтарындағы «Екінші кесінді тапсырма» бойынша көрсеткіштері

Деңгейлері	Эксперименттік топ – 32 оқушы		Бақылау тобы – 26 оқушы	
	2.1 тапсырма	2.2 тапсырма	2.1 тапсырма	2.2 тапсырма
жоғары	5	7	5	5
орта	10	11	8	10
төмен	17	14	13	11

6, 7-кестелер және 5-суретте көріп отырғанымыздай, екінші кесінді тапсырма бойынша нәтижелері жоғары, орта және төмен деңгейлерге байланысты эксперименттік (32 оқушы) және бақылау (26 оқушы) топтарында диагностикалаудың бұл үшінші кезеңіндегі «Екінші кесінді тапсырма» арқылы анықталған нәтижелердің статистикалық талдауларын қорытындылауда, 2.1 тапсырмада эксперименттік топтағы 32 оқушының ЖД-5, ОД-1, ТД-17 респондентті құрайды, ал 2.2 тапсырмада ЭТ-тағы респонденттер ЖД-7, ОД-11, ТД-14 оқушыны көрсетсе, бақылау тобындағы 26 респонденттердің 2.1 тапсырма бойынша ЖД-5, ОД-8, ТД-13 сандық көрсеткіште, 2.2 тапсырмада ЖД-5, ОД-10, ТД-11 оқушыны көрсетті.



6-сурет – Диагностикалауда эксперименттік және бақылау топтарындағы «Екінші кесінді тапсырма» бойынша нәтижелерінің диаграммасы

Диаграммада беріліп отырғанындай, «Екінші кесінді» тапсырманы орындауда 58 оқушының барлығында жоғары деңгей 10%-ды, ал төменгі деңгей 53,1%-ды құрағаны белгілі болды, сонда диагностикалаудың бұл кезеңінде барлық қатысқан респонденттердің деңгейлері нақты белгілі болды.

Жалпы алғанда, бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуды қалыптастырушы бағалауды қолданудың диагностикасынан анықталған нәтижелер мақсатты әдістемелер дайындауды міндеттейді. Біз, алдағы зерттеулерімізде бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуды қалыптастырушы бағалауды қолданудың әдістемесін дайындап ұсынатын боламыз.

Қорытынды

Оқушылардың тапсырманы орындауын, жинақтай айтқанда орта және одан сәл төмендеу деңгейде деп анықтауға болатыны танылды. Оның себебі, оқушылардың тапсырманы орындауда метапәндік дағдылары болмауынан деп санаймыз. Ал бағалауға келгенде, оқушылар өздеріне де, достарына да оңды-солды «өте жақсы», «жақсы» бағаларын үлестіргенінен олардың білімді бағалауда шынайы білім мазмұнының индикаторларын білмейтіндігін танытты деп айта аламыз. Жинақтай келгенде, үшінші кесінді тапсырмалары бойынша оқушылардың көрсеткен нәтижелерін келесі кесте мен диаграммада көрсетілгендей деп саналады.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастыруда оқушылармен бірге бастауыш сынып мұғалімдерінің дайындығы мәселесі де аса өзекті болып табылатыны белгілі болды.

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуды қалыптастырушы бағалауды қолдануды диагностикалауда келесідей ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі:

- бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуды қалыптастырушы бағалауды қолданудың әдістемесін жүйелеу;

- бастауыш сынып оқушыларына арналған «Метапәндік» тапсырмалар жүйесін жасап, күнделікті сабақта қолдануға ұсыну;

- бастауыш сынып мұғалімдеріне ғылыми-әдістемелік семинарлар ұйымдастыру.

Жинақтай айтқанда, метапәннің мазмұны дербес пән мазмұнынан айрықша, себебі мағыналық мәннің өрісі, түптеп келгенде жеке пән мазмұнының шегінен асып, метадеңгейдегі білім мазмұнын танытады. Метапән әрбір жекелеген пәндердің өзегін ұстап тұратын орталық негізді білдіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 113 б.
2. Амбарцумова Э.М. Формирование готовности педагогов к использованию современных форм контроля и оценки образовательных достижений школьников: автореф. ... канд. пед. наук. – М., 2019. – 34 с.
3. Хуторской А.В. Метапредметный подход в обучении: Научно-методическое пособие. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Эйдос»; Издательство Института образования человека, 2016. – 80 с.
4. Громыко Н.В., Половкова М.В. Метапредметный подход как ядро российского образования. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.teacher-of-russia.ru> (дата обращения 12.10.2024)
5. Жұмабаева Ж.А. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту: Философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2021. – 169 б.
6. Дядинчук Т.Г. Познавательный интерес как средство обучения младших школьников // Молодой ученый. – 2014. – №4. – С. 954–956.
7. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал / О.И. Можаяева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиединованың редакциясымен. – Астана: «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ, 2016. – 48 б.
8. Урмашев Б.А. Критериалды бағалау технологиясы: Оқу құралы. – Алматы: «ССК» баспасы, 2016. – 140 б.
9. Загвязинский В.И. Методология педагогического исследования: учебное пособие для вузов. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2024. – 105 с.
10. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы: әдістемелік құрал. 2-басылым. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 38 б.

11. Конар А.А., Садыкова А.К., Суrowицкая Ю.Ю. Критериалды бағалаудың педагогикалық ерекшеліктері // Молодой ученый. – 2021. – №49 (391). – С. 490–492.
12. Scriven M. The Concept of a Transdiscipline: And of Evaluation as a Transdiscipline // Journal of MultiDisciplinary Evaluation. – 2008. – №5(10). – P. 65–66. <https://doi.org/10.56645/jmde.v5i10.161>
13. Jankowski N.A. Activity: What is your philosophy of assessment? Urbana, IL: University of Illinois and Indiana University, National Institute for Learning Outcomes Assessment, 2020.
14. Black P., William D. Developing the theory of formative assessment // Educational Assessment, Evaluation and Accountability. – 2009. – Vol. 21 (1). – P. 5–31.

REFERENCES

1. «2024-2025 oqu zhylynda Qazaqstan Respublikasynyn zhalpy bilim beretin mektepterinde bilim beru procesin uymdastyrudyn erekshelekteri turaly» Adistemelik nusqau hat [Letter of methodological guidance “On the peculiarities of the organization of the educational process in general education schools of the Republic of Kazakhstan in the 2024-2025 academic year”]. – Astana: Y. Altynsarin atyndagy UBA, 2024. – 113 b. [in Kazakh]
2. Ambarcumova E.M. Formirovanie gotovnosti pedagogov k ispolzovaniu sovremennyh form kontrolia i ochenki obrazovatelnyh dostizheni shkolnikov: avtoref. ... kand. ped. nauk. [Formation of teachers' readiness to use modern forms of control and assessment of educational achievements of schoolchildren: abstract]. – M., 2019. – 34 s. [in Russian]
3. Hutorskoi A.V. Metapredmetnyi podhod v obuchenii: Nauchno-metodicheskoe posobie [Meta-subject approach in teaching: A scientific and methodological guide]. 2-e izd., pererab. i dop. – M.: Izdatelstvo «Eidos»; Izdatelstvo Instituta obrazovaniia cheloveka, 2016. – 80 s. [in Russian]
4. Gromyko N.V., Polovkova M.V. Metapredmetnyi podhod kak iadro rossiskogo obrazovaniia [The meta-subject approach as the core of Russian education]. [Electronic resource]. URL: <http://www.teacher-of-russia.ru> (date of access 12.10.2024) [in Russian]
5. Zhumabaeva Zh.A. Bastauysh bilim beru panderin metapandik turgyda oqytu: Filosofia doktory (PhD) ... dis. [Teaching primary education subjects in a metapsychological context: dis.]. – Almaty, 2021. – 169 b. [in Kazakh]
6. Diadinchuk T.G. Poznavatelnyi interes kak sredstvo obucheniia mladshih shkolnikov [Cognitive interest as a means of teaching younger students] // Molodoi uchenyi. – 2014. – №4. – S. 954–956. [in Russian]
7. Bastauysh synyp mugalimderine arnalgan kriterialdy bagalau boiynsha nusqaulyq: Oqu-adistemelik qural [Guidelines for criterion-based assessment for primary school teachers: teaching aids] / O.I. Mozhaeva, A.S. Shilibekova, D.B. Ziedinovanyn redakciasy men. – Astana: «Pedagogikalyq sheberlik ortalygy» ZhM, 2016. – 48 b. [in Kazakh]
8. Urmashev B.A. Kriterialdy bagalau tehnologiasy: Oqu quraly [Criterion-based assessment technology: tutorial]. – Almaty: «SSK» baspasy, 2016. – 140 b. [in Kazakh]
9. Zagviainski V.I. Metodologia pedagogicheskogo issledovaniia: uchebnoe posobie dlia vuzov [Methodology of pedagogical research: a textbook for universities]. 2-e izd., ispr. i dop. – M.: Izdatelstvo Iurait, 2024. – 105 s. [in Russian]
10. Zhalpy bilim beretin mektep mugalimderine arnalgan kriterialdy bagalau basshylygy: adistemelik qural [Guidelines for criterion-based assessment for teachers of general education schools: methodological manual]. 2-basylym. – Astana: «Nazarbaev Ziatkerlik mektepteri» DBBU, Pedagogikalyq sheberlik ortalygy, 2016. – 38 b. [in Kazakh]
11. Konar A.A., Sadykova A.K., Surovickaia Iu.Iu. Kriterialdy bagaladyn pedagogikalyq erekshelekteri [Pedagogical features of criterion-based assessment] // Molodoi uchenyi. – 2021. – №49 (391). – S. 490–492. [in Kazakh]
12. Scriven M. The Concept of a Transdiscipline: And of Evaluation as a Transdiscipline // Journal of MultiDisciplinary Evaluation. – 2008. – №5(10). – P. 65–66. <https://doi.org/10.56645/jmde.v5i10.161>
13. Jankowski N.A. Activity: What is your philosophy of assessment? Urbana, IL: University of Illinois and Indiana University, National Institute for Learning Outcomes Assessment, 2020.
14. Black P., William D. Developing the theory of formative assessment // Educational Assessment, Evaluation and Accountability. – 2009. – Vol. 21 (1). – P. 5–31.